# ШЖҚ «КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ МӘНШҮК МӘМЕТОВА АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ»

ҚАРАЛДЫ
Педагогикалық
Кеңес отырысында
Хаттама № __1__
«_01_» _09_ 2022ж.

БЕКІТЕМІН
Колледж директоры
________ М.Кузбаков
«_02_» _09_ 2022ж.

## 2022 – 2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
## АТА-АНАЛАР КОМИТЕТІНІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

**Ата – аналармен атқаратын жұмыстарының мазмұны мен міндеттері**

«Тәрбие – кең мағынасымен алғанда, қандайда болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз».

Мағжан Жұмабаев

Бала тәрбиесі ешқашан салғырт қарауды көтермейтін, аса бір күрделі де маңызды іс. Адамды адамдық қалыпқа келтіретін де, аздырып, тоздыратын да тәрбие жұмысы. Балаға жас кезінде әсер ететін құбылыстар әр түрлі болғанмен оларды тәрбиелеуші әрине ата-ана. Адамгершілік үстемдік құрған қоғамның азаматын тәрбиелейтін мектеп ол – әрине Отбасы деп айтамыз. Отбасы ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды қалыптастыратын мектеп десекте болғандай. Осыған орай барлық ата – ана тәрбиеге бет бұруы тиіс. Осындай ынтымақ бірлігінде ғана ойдағыдай нәтиже берері ақиқат. Сондықтан да педагогикалық әрекетте колледждің жалпы міндеттерінің көлемінің кеңдігіне қарамастан ата – аналармен жұмыстың маңызы ерекше. Бала тәрбиесі – бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абыройлы міндеті.

**Ата – аналармен жүргізілетін жұмыстағы ата – аналар комитетінің негізгі міндеттері:**

1.Ата –аналармен тұрақты байланыс орнату.
2.Отбасы мен колледждің балаға қоятын талаптарының бірлігін қамтамасыз ету.
3.Ата–аналар ұжымын құру.

**Ата – аналармен атқаратын жұмыстарында ата – аналар комитетінің қызметі:**

1.Ата –аналарды топтағы оқу тәрбие процесінің мазмұны мен әдістемесімен таныстыру.
2.Ата –аналар мен педагогикалық және психологиялық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру.
3.Ата –аналарды балалармен бірге әрекетке қатыстыру.
4.Отбасы тәрбиесіне қатысты ата – аналарға педагогикалық-психологиялық кеңес беру
5. Ата –аналар белсенділері мен жұмыс және ата-аналардың әртүрлі қоғамдық ұйымдарымен, жұртшылықпен өзара әрекеттесуі.

**Ата – аналар комитетінің жұмыс жоспары**

| № | Мазмұны | Өткізу түрі | Орындалу мерзімі | Жауаптылар | Орындалу туралы белгі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2022-2023 оқу жылына арналған ата аналар комитетінің жұмыс жоспарын бекіту | | Қыркүйек | Ата – аналаркомитетінің төрайымы | |
| 2 | Жылына екі рет ата аналар жиналасын өткізу. Ата аналарды колледждің ішкі тәртібімен таныстыру. Ата аналар комитетін сайлау, жоспармен таныстыру | Жиналыс | Қыркүйек, Наурыз | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Тәжібаева, Әлеуметтік педагог, Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жетекшісі, Бөлім меңгерушілер, топ жетекшілер | |
| 3 | «Ата аналарға кеңес» 2022-2023 оқу жылында пайда болған мәселелерді шешуге бағытталған баяндама | Топтық кеңес | Қыркүйек, Қазан | Ата – аналаркомитетінің төрайымы Колледж психологы, топ жетекшілер | |
| 4 | Әр топтағы сабақты себепсіз жіберетін, оқу үлгерімі нашар студенттердің ата аналарымен кездесу ұйымдастыру | Рейд өткізу | Жыл бойы | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Тәжібаева, Әлеуметтік педагог, Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жетекшісі, Ата – аналаркомитетінің төрайымы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 | «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» | Дөңгелек үстел | Ақпан | Бөлім меңгерушісі: Г.Тукешова<br>Топ жетекшілер | |
| 6 | Жас ұрпақты кәсіби еңбекке баулу, сабақтан тыс үйірмелерді тексеру, қорытынды жасау | Дөңгелек үстел | Жыл бойы | Ата – аналаркомитетінің төрайымы<br>Әлеуметтік педагог | |
| 7 | «Ата – ананың тәрбиесі – бала мінезінің іргетасы». | Дөңгелек үстел | Наурыз | Бөлім меңгерушісі: С.Кенжебаева<br>Топ жетекшілер | |
| 8 | «Әке жүрегі таудан үлкен, ана жүрегі теңізден терең» | Дөңгелек үстел | Сәуір | Бөлім меңгерушісі: А.Тлембаева<br>Топ жетекшілер | |
| 9 | Барлық топта өткізілген ата аналар жиналысының қорытындысы | Дөңгелек үстел | Мамыр | Бөлім меңгерушілері,<br>топ жетекшілер | |
| 10 | Ата – аналаркомитетінің2022-2023 оқу жылындағы жұмысын талдау | Дөңгелек үстел | Маусым | Ата – аналаркомитетінің төрайымы | |

Жастар тәрбиесі рухани жаңғырудан бастау алуы шарт. Жастарға қамқорлық жасау елдің болашағына қамқорлық жасау болып табылады. Ұрпақтарымызды ұлттық құндылықтарымызды бағалайтын, парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, олардың дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар, елін- жерін сүйетін ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық дамудың негізін келешек ұрпақ тәрбиесіне бағыттауымыз қажет.

**Құрастырған:**

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары __________ С.М.Тәжібаева

Сапа қызметінің сарапшысы __________ Л.Е.Абдуллина

Ата – аналаркомитетінің төрайымы __________ А.Т.Қанатбаева

«_01_» ___09___ 2022 жыл